

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Герман Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының неміс ұлты азаматтарын қолдау жөніндегі ынтымақтастық туралы Келісімді бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1997 жылғы 19 наурыз N 368.

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1996 жылы мамырдың 31-інде Алматы қаласында қол қойылған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Герман Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы Қазақстан Республикасының неміс ұлты азаматтарын қолдау жөніндегі ынтымақтастық туралы Келісім бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Сыртқы Істер министрлігі Герман Жағына Қазақстан Республикасы Үкіметінің осы Келісімді бекіткені туралы хабарласын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен

Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі

арасындағы

Қазақстан Республикасының неміс ұлты

азаматтарын қолдау жөніндегі ынтымақтастық туралы

КЕЛІСІМ

(ҚР халықаралық шарттары бюллетені, 2000 ж., N 3, 25-құжат)

(1999 жылғы 4 мамырда күшіне енді - "Дипломатия жаршысы" ж.,

Арнайы шығарылым N 2, 2000 жылғы қыркүйек, 81 бет)

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік

Республикасының Үкіметі,

адам құқықтары мен негізгі бостандықтарына, олардың, атап айтқанда, Адам құқығының жалпыға бірдей декларациясында және басқа да халықаралық құқықтық актілерде, сондай-ақ Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның ережелері мен міндеттемелерінде баяндалғанындай, ешқандай кемсітушіліксіз және заң алдындағы толық теңдікте кепілдік беретін өз берік шешімі туралы мәлімдей отырып,

Уағдаласушы Тараптардың арасындағы кең ынтымақтастық үшін мүмкіндік беретін 1992 жылғы 22 қыркүйектегі Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік

Республикасының арасындағы Қарым-қатынастардың негіздері туралы бірлескен мәлімдемені негізге ала отырып,

1992 жылғы 22 қыркүйектегі Экономика, өнеркәсіп, ғылым және техника саласындағы кең ауқымды ынтымақтастықты дамыту туралы қазақстан-герман шартының тиісті ережелеріне сілтеме жасай отырып,

1994 жылғы 16 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі арасындағы мәдени ынтымақтастық туралы келісімге, атап айтқанда, оның 14-бабына сәйкес,

Қазақстанның дамуына неміс ұлтының азаматтары қосып отырған қомақты үлесті мойындай отырып,

Қазақстанда тұрып жатқан неміс ұлтының азаматтарына рухани, мәдени, әлеуметтік және экономикалық салаларда өзіндік ерекшелігін дамытудың мүмкіндіктерін қамтамасыз ету қажеттілігін негізге ала отырып,

қазақстандық немістер Қазақстан Республикасы мен Германия Федеративтік Республикасы арасындағы ынтымақтастықты дамытуда байланыстырушы функцияны орындап отырғанын жете сезіне отырып,

германдық Уағдаласушы Тарап қазақстандық Уағдаласушы Тараптың неміс ұлтының қазақстандық азаматтарына жасайтын қамқорлығын жүзеге асыру барысында бірлесіп іс-қимыл жасауға әзір болғандықтан,

төмендегілер жөнінде келісті:

1-бап

(1) Уағдаласушы Тараптар неміс ұлтының қазақстандық азаматтарының ұлттық және мәдени өзіндік ерекшелігін дамыту және қолдау саласында тығыз ынтымақтасатын болады,

(2) Уағдаласушы Тараптар өздері қатысушылары болып табылатын адам құқығы саласындағы халықаралық шарттардың ережелеріне сәйкес, ұлттық азшылықтардың оларда аталған құқықтарын қоса алғанда, өз құқықтарын және міндеттемелерін жүзеге асырады,

(3) Уағдаласушы Тараптар ұлттық азшылықтарды қорғау жөнінде Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі ұйымның, атап айтқанда, 1990 жылғы 29 маусымдағы Адам өлшемі жөніндегі ЕЫҚК конференциясының Копенгаген

мәжілісінің құжатында, 1991 жылғы 19 шілдеде Ұлттық азшылықтар жөніндегі Еуропадағы қауіпсіздік пен ынтымақтастық жөніндегі кеңестің Женевада болып өткен сарапшылық кездесуінің баяндамасында, сондай-ақ 1992 жылғы 10 шілдедегі Хельсинкі құжатында бекітілген стандарттарға өзінің адалдығын қуаттайды.

2-бап

(1) Уағдаласушы Тараптар осы Келісімді орындау барысында Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес, неміс ұлтының азаматтарын қоса алғанда, Қазақстан Республикасы азаматтарының құқықтары теңдей екендігін негізге алады, соның ішінде жеке құқықтары:

- * Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарының алдында ешқандай кемсітушіліксіз және толық теңдікте адамның өз құқықтары мен негізгі бостандықтарын толық және тиімді жүзеге асыру;

- * жеке және қоғамдық өмірде ана тілі еркін пайдалану, сол тілде ақпарат тарату, онымен алмасу және оған еркіндігі болу;

- * неміс ұлтының басқа да азаматтармен жеке немесе бірге өзінің этникалық, мәдени, тіл және діни ерекшелігін, өз еркіне қарсы ассимиляцияның қандай да бір әрекеттеріне ұшырамай, еркін білдіру, сақтау және дамыту;

- * қолданыстағы қазақстандық заңдарға сәйкес қоғамдық бірлестіктерді, атап айтқанда, білім, мәдениет, әлеуметтік қамсыздандыру саласында және ортақ мүддені көздеген басқа да бірлестіктері, сондай-ақ өз құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыру үшін еркін түрде ерік білдіру және мүдделердің ортақтастығы негізінде діни ұйымдарды құру және қолдау. Бұл бірлестіктер қаржылық немесе басқа да сипаттағы ерікті қайыр-садақалар туралы, сондай-ақ қоғамдық қолдау туралы өтініш жасауға құқылы;

- * дінге өз көзқарасын дербес белгілеу, олардың кез келгенін уағыздау немесе ешқайсысын да уағыздамау, дінге көзқарасқа байланысты ұғымдарды тарату және соларға сәйкес іс-әрекет жасау, діни материалдарды сатып алу, оларға иелік ету және оларды пайдалануды қоса алғанда, және неміс тіліндегі білім саласында діни қызметті жүзеге асыру;

- * өз арасында, сондай-ақ басқа мемлекеттердің олармен этникалық немесе ұлттық шығу тегі ортақ, мәдени мұрасы немесе діни нанымдары ортақ азаматтарымен де ел шегінде кедергісіз байланыстарды орнату және қолдау;

- * қолданыстағы қазақстандық заңдарға сәйкес өз аты мен тегін неміс нысанында алып жүру;

- * тікелей, сондай-ақ өз өкілдері арқылы мемлекеттік істерді басқаруға қатысу;

- * өз құқықтарын қорғау үшін заңды құралдардың бәрін пайдалану;

- * үкіметтік емес ұлттық және халықаралық ұйымдардың қызметіне қатысу;

- * сөз, пікір білдіру бостандығының және оларды еркін білдірудің құқы.

(2) Өзінің Қазақстандағы неміс ұлтынан шыққандығы туралы мәлімдеме әрбір азаматтың жеке алғанда өз басының шешімі болып табылады және оның қолайсыз салдарлары болмауға тиіс.

3-бап

Қазақстан Республикасының Үкіметі неміс ұлтының қазақстандық азаматтарын ақтауды жалғастыратын болады және тиісті түрде неміс ұлтының қазақстандық азаматтарының мүдделерін, қолданыстағы және келешекте қабылданатын заңдардың шеңберлерінде саяси жазалаудың құрбандарына және еңбек армияшыларына өтемақы төлеу, оларды әлеуметтік және медициналық қолдау жөніндегі мүдделерін ескеретін болады.

4-бап

(1) Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген азаматтық және саяси құқықтарға сәйкес Қазақстан Республикасының неміс ұлты азаматтары еркін қозғалу және тұратын жерді таңдау құқына, сондай-ақ республикадан тысқары жерлерге шығуға және кедергісіз қайтып оралуға құқылы. Қазақстан Республикасының Үкіметі неміс ұлтына жататын үшінші мемлекеттер азаматтарының өз аумағына отбасымен қосылу мақсатындағы көшіп-қонуын жеңілдететін болады.

(2) Қазақстан Республикасы Қазақстаннан кететін немесе Қазақстанға тұрақты тұру мекеніне қайтып оралушы Қазақстанның неміс ұлты азаматтарына барлық жеке заттары мен құжаттарын баж салығынсыз және салықсыз әкетуіне рұқсат береді, зейнетақылар мен мүліктік құндылықтардың трансферін реттейді, сондай-ақ қолданыстағы қазақстандық заңдарға сәйкес қалып бара жатқан қозғалмалы және қозғалмайтын мүлікке ешкімнің тиіспейтіндігіне кепілдік береді.

5-бап

(1) Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасы неміс ұлты азаматтарының мәдени, әлеуметтік және экономикалық дамуын мынадай жолдармен қолдайды:

- * қайырымдылық мақсаттарымен әкелінетін ізгілікті немесе ақысыз көмек ретіндегі барлық тауарларды, қызметті және осы келісімнің 7-бабына сәйкес құрылған қазақстан-герман үкіметаралық комиссиясы қабылдаған іс-шаралар шеңберіндегі техникалық жәрдемді қоса алғанда, салықтан, кедендік баж салығынан және басқа да алымдардан босату;

- * Қазақстан Республикасының неміс ұлтының азаматтарына олар тығыз тұрып жатқан жерлерде неміс тілін қолдану мүмкіндігін беру;

* ана тілі ретінде неміс тілінің мектептерде және мектепке дейінгі мекемелерде, жоғары және орта арнаулы оқу орындарында таралуын көтермелеу, сондай-ақ неміс тілі мұғалімдерін даярлауды көтермелеу;

* радио мен теледидарды неміс тілін зерттеу және тарату үшін пайдалануға жәрдемдесу;

* неміс тілінде бұқаралық ақпарат құралдарының, сонымен бірге радио хабарын тарату мен теледидары бірге алғанда, одан әрі дамытылуына қолдау көрсету және ақпаратты еркін алмасу үшін жағдай жасау.

(2) Германия Федеративтік Республикасының Үкіметі мына төмендегілерге қолдау көрсетеді:

* қазақстан-герман үкіметаралық комиссиясы қабылдаған, Қазақстан Республикасының неміс ұлты азаматтарының тұратын жерлерінде жүзеге асырылатын жобалар (7-бап);

* ауыл шаруашылығы кәсіпорындарын техникалық жабдықтау саласында, сондай-ақ олардың рыноктық құрылымдарға экономикалық, өндірістік және құқықтық бейімделуіне көмек берудің іс-шаралары;

* медициналық және әлеуметтік салаларда көмек берудің іс-шаралары;

* мамандарды даярлау және біліктілігін көтеру;

* неміс тілін ана тілі ретінде оқытуға мектептерге қолдау көрсету жолымен, неміс мұғалімдерін және мәдениет мәселелері жөніндегі басқа да мамандарды жіберу жолымен, сондай-ақ басылымдардың, әдебиеттің және оқулықтардың пайдасына іс-шараларды жүргізу жолымен неміс тілі мен мәдениетінің таралуын көтермелеу;

* Қазақстан неміс ұлты азаматтарының демократиялық құрылымдары бар бірлестіктерін құру немесе іс-шаралар.

(3) Осы Келісімді жүзеге асыруға байланысты тиісті қаржылық қаражаттарды бөлу Уағдаласушы Тараптардың ұлттық заңдарында көзделген тәртіпте жүзеге асырылады.

6-бап

Уағдаласушы Тараптар тиісті түрде барлық деңгейлерде ерікті түрде, негізде серіктестік қарым-қатынастарды қолдайды және өнеркәсіптік кәсіпорындар мен бірлестіктерді, өз елдерінің мемлекеттік, қоғамдық және жеке ұйымдарын, сондай-ақ жеке азаматтарды ынтымақтастыққа тартатын болады.

7-бап

(1) Осы Келісімді жүзеге асыруға байланысты екі жақты мәселелер, сондай-ақ бірлескен жобалар мен іс-шараларды келісу құрамына қазақстандық неміс ұлты азаматтарының өкілдері де кіретін Қазақстан немістерінің проблемалары жөніндегі аралас комиссияға жүктеледі.

(2) Комиссия қажет болғанына қарай жылына сирек дегенде бір рет кезекпен Қазақстан Республикасында және Германия Федеративтік Республикасында жиналатын болады. Ынтымақтастықтың кейбір жеке бағыттары үшін кіші комиссиялар құрылуы мүмкін. Осы Келісімді жүзеге асыру мақсатымен келісілген жобалар мен шешімдерді Комиссия Уағдаласушы Тараптардың екеуі үшін де міндеттілік сипаты бар бірлескен хаттамаларда белгілейтін болады.

8-бап

(1) Осы Келісім Уағдаласушы Тараптар оның күшіне енуі үшін қажетті ішкі мемлекеттік процедуралардың орындалғаны туралы бір-біріне жазбаша мәлімдеген соң күшіне енеді. Соңғы мәлімдеме алынған күні күшіне енді деп саналады.

(2) Уағдаласушы Тараптар Келісімді оған қол қойылған күнінен бастап уақытша қолдану туралы уағдаласты.

9-бап

Осы Келісім он жыл мерзімге жасалады және де егер Уағдаласушы

Тараптардың бірі тиісті мерзімнің аяқталуына дейін алты ай бұрын оның күшін тоқтататыны туралы дипломатиялық арналар бойынша жазбаша нысанда мәлімдемесе, келесі бесжылдық мерзімдерге өздігінен ұзартылатын болады.

Алматы қаласы 1996 жылғы 31 мамырда екі дана болып, әрқайсысы қазақ, неміс және орыс тілдерінде жасалды, сондай-ақ барлық мәтіндердің күші бар. Қазақ және неміс мәтіндерін түсіндіруде пікір алшақтығы болған жағдайда Уағдаласушы Тараптар орыс тіліндегі мәтінге сүйенетін болады.

Қазақстан Республикасының Германия Федеративтік
Үкіметі үшін Республикасының Үкіметі
үшін